

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӨРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚеАҚ		
СМЖ 4 - деңгейдегі құжаты		
Тұсу емтихандарының бағдарламасы	«___» 2022 ж. №1 басылым	Ф 042-11.01-2022



B006 «Музыка мұғалімдерін даярлау»
 білім беру бағдарлама тобы бойынша оқуға тұсу үшін
 шығармашылық емтихандар
БАҒДАРЛАМАСЫ

Семей 2024

Ф 042-11.01-2022

Басылым № 1 от « » 2022 ж.

8 беттін 4-ші беті

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕНДІ

«Өнер» кафедрасы

2 ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Өнер» кафедрасы отырысында

Хаттама №9 «14» 05 2024 ж.

Оку кафедрасының менгерушісі: Берікболов Р.Р.

3 ҚАРАСТАРЫЛДЫ

Жоғары білім беру мектебінің Кеңесінің отырысында

Хаттама №11 «18» 06 2024 ж.

Жоғары білім беру мектебінің деканы м.а. Толысбаева А.Д.

МАЗМУНЫ

1. Шығармашылық емтиханның мақсаты мен негізгі міндеттері
2. Емтихан формасы
3. Толық оку мерзімі бойынша шығармашылық емтихан тапсырмалары және бағалау критерийлері
4. Қысқартылған оку мерзімі бойынша шығармашылық емтихан тапсырмалары және бағалау критерийлері
5. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

1. ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРИ

Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы мамандықты менгерудің жеке алғышарттарының болуын тексеру болып табылады. В006 «Музыка мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының бағдарламасы адамнан белгілі бір табиғи және игерілген мәліметтер мен қабілеттерінің болуын талап ететін шығармашылық мамандықтар қатарына жатады. Қабылдау емтихандарының білім беру бағдарламалары тобының бағдарламасы мен тапсырмалары шығармашылық қабілеттері бар, музыкалық сауаттылық, музыкалық талғамның белгілі деңгейі бар жастарды толық түрде анықтайтындей етіп жасалған.

2. ЕМТИХАН ФОРМАСЫ

Осы БББ тұсу үшін ағымдағы жылғы және өткен жылдардағы мектеп түлектері және арнайы орта кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері келесі пәндер бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады:

1. Орындаушылық өнер.
2. Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету.

Жоғары оқу орындарына өз бағдарламасының мамандығының бейіні бойынша құндізгі және қашықтықтан оқыту түрлеріне түсेतін арнайы орта кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері орындаушылық өнер бойынша емтихан тапсырады. Орындаушылық өнер бойынша емтихан талапкерлердің емтихан тапсырады. Орындаушылық өнер бойынша емтихан талапкерлердің музыкалық қабілеттерін көрсету бойынша емтихан табигаттан қабілетті және музыкалық қабілеттерін көрсету бойынша емтихан талапкерлерді анықтауға көмектеседі.

3. ТОЛЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІ БОЙЫНША ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРИ

«Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханың талаптары:

- Минус немесе сүйемелдеумен вокалдық шығарманы орындау.

Тапсырманы орындау уақыты-3-5 минут

- Аспапта ойнау. Тапсырманы орындау уақыты-3-5 минут

Тапсырма 50 балдық шкала бойынша бағаланады.

1. Өзін-өзі сахнада ұстасуы, отырысы, тұрысы.

2. Шығарманы орындағандағы стильтік ерекшеліктің сакталуы, ыргактың, екпіннің дұрыс орындалуы, нюанс.

3. Мәтіннің дұрыс орындалуы.

4. Орындаушылық шеберлігі.

«Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханының бағалау критерилері:

Емтихан жұмысы 16–19 балл 3-49% 2 (екі) бағаланады, егер:

- романс, ән орындауда интонациялық, ыргактық және мәтін бойынша өрескел қателіктер жіберген, орындаушылық шеберлігі төмен талапкерлерге қойылады. Күйді қате ойнап, орындаушылық шеберлігі төмен, ыргакты сезінбеуі, кол қойылымы, қағысы, отырысында қателіктер жіберген талапкерлерге қойылады.

Емтихан жұмысы 20 -33 балл 50-74% 3 (үш) бағаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда 4-5 интонациялы қателіктермен, динамикалық белгілерді сақтамай, фразировкан қателіктер жіберген, бірақ шығарманың жалпы образын ашуға талпынған талапкерге қойылады. Күйді орындауда 4-5 қате жіберген және орындаушылық шеберлігі орташа болған талапкерге қойылады.

Емтихан жұмысы 34–43 балл 75-89% 4 (торт) бағаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда мәнерлі динамикалық белгілерді, фразировканы және ыргакты сақтай отырып, эмоционалды шығарманың мазмұндық образын көрсете білген, 1-2 интонациялық қателіктер жіберген талапкерлерге қойылады.

Күйді орындауда 1-2 қате жіберген және орындаушылық шеберлігі орташадан жоғары болған талапкерге қойылады.

Емтихан жұмысы 44-50 балл 90-100% 5 (бес) бағаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда нақышына келтіріп, интонацияны таза, фразировканы сақтай отырып, ыргакпен динамикалық және эмоционалды образын жеткізе білген талапкерлерге қойылады.

Күйді нақышына келтіріп орындау, нюанстарын көрсету, орындаушылық шеберлігі жоғарыталапкерлерге қойылады.

«ЖАЛПЫ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМІН КӨРСЕТУ» емтихан талаптары.

Музыкалық сауаттылық бойыниша ауызша емтихан:

Екінші шығармашылық емтиханды қабылдау окуға түсуші талапкердің есту және есте сақтау қабілеті, ыргак, интонациялау, ән салу қабілетін тексеру арқылы өтіледі.

1. Фортепиано аспабында берілген дыбыстарды таза қайталауы;
2. Берілген дыбыстар санын естіп, ажыратып айта білу;
3. Берілген ыргактарды қайталаі білу қабілеті;
4. Аспапта орындаған шағын әуенде есте сақтап, дауыспен қайталауы;
5. Мектептері Музыка бағдарламасы бойынша өткен тақырыптарына сәйкес ауызша сұрақтарға жауап беру;

Шығармашылық емтиханының бағалау критерилері

Емтихан жұмысы 16–19 балл 3-49% 2 (екі) бағаланады, егер:

Музыкаға қабілеті өте төмен дәрежеде болған (ыргакты сезінүі, әуенде есте сақтауы, музыкалық дыбыс үйлесімдерін естуі).

Емтихан жұмысы 20 -33 балл 50-74% 3 (үш)багаланады, егер:

Музыкаға қабілеті орташа дәрежеде болған (ыргакты сезінуі, әуенде есте сактауы, музыкалық дыбыс үйлесімдерін естуі).

Емтихан жұмысы 34-43 балл 75-89% 4 (торт) багаланады, егер:

Музыкаға қабілеті жогары дәрежеде болған (ыргакты сезінуі, әуенде есте сактауы, музыкалық дыбыс үйлесімдерін естуі).

Емтихан жұмысы 44-50 балл 90-100% 5 (бес) багаланады, егер:

Музыкаға қабілеті өте жогары дәрежеде болған (ыргакты сезінуі, әуенде есте сактауы, музыкалық дыбыс үйлесімдерін естуі).

4. ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚУ МЕРЗІМІ БОЙЫНША ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханының талаптары:

- Минус немесе сүйемелдеумен вокалдық шығарманы орындау.
Тапсырманы орындау уақыты-3-5 минут
 - Аспапта ойнау. Тапсырманы орындау уақыты-3-5 минут
Тапсырма 20 балдық шкала бойынша бағаланады.
 1. Өзін-өзі сахнада ұстауы, отырысы, тұрысы.
 2. Шығарманы орындағандагы стильдік ерекшеліктің сақталуы, ыргактың, екпіннің дұрыс орындалуы, нюанс.
 3. Мәтіннің дұрыс орындалуы.
 4. Орындаушылық шеберлігі.

«Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханының бағалау критерилері:

Емтихан жұмысы 1-4 балл 3-49% 2 (екі) багаланады, егер:

- романс, ән орындауда интонациялық, ыргактың және мәтін бойынша өрекшел қателіктер жіберген, орындаушылық шеберлігі тәмен талапкерлерге қойылады. Күйді қате ойнап, орындаушылық шеберлігі тәмен, ыргакты сезінбеуі, кол қойылымы, қағысы, отырысында қателіктер жіберген талапкерлерге қойылады.

Емтихан жұмысы 5 -9 балл 50-74% 3 (үш)багаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда 4-5 интонациялы қателіктермен, динамикалық белгілерді сақтамай, фразировкадан қателіктер жіберген, бірақ шығарманың жалпы образын ашуға талпынған талапкерге қойылады. Күйді орындауда 4-5 қате жіберген және орындаушылық шеберлігі орташа болған талапкерге қойылады.

Емтихан жұмысы 10-14 балл 75-89% 4 (торт) багаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда мәнерлі динамикалық белгілерді, фразировканы және ыргакты сақтай отырып, эмоционалды шығарманың мазмұндық образын көрсете білген, 1-2 интонациялық қателіктер жіберген талапкерлерге қойылады.

Күйді орындауда 1-2 қате жіберген және орындаушылық шеберлігі орташадан жоғары болған талапкерге қойылады.

Емтихан жұмысы 15-20 балл 90-100% 5 (бес) бағаланады, егер:

- романс немесе әнді сүйемелсіз орындауда нақышына келтіріп, интонацияны таза, фразировканы сактай отырып, ырғақпен динамикалық және эмоционалды образын жеткізе білген талапкерлерге қойылады.

Күйді нақышына келтіріп орындау, нюанстарын көрсету, орындаушылық шеберлігі жоғарыталапкерлерге қойылады.

5. ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Шыгармашылық емтиханды үйымдастыру және өткізу үшін Шәкәрім атындағы университет ректорының бұйрығымен емтихан өткізу кезеңіне комиссия құрылады, ол тақ саннын, оның төрағасынан тұрады. Егер отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі катысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.2. Шыгармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, өткізу күні, уақыты және орны, кеңес беру уақыты) Шәкәрім атындағы университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және окуга түсушілерге құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей хабарланады.

5.3. Аудиторияға түсушіге шыгармашылық емтихан өткізуге рұқсат беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

5.4. Шыгармашылық емтихан басталғанға дейін түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параптарды ресімдеуге қойылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шыгармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

5.5. Шыгармашылық емтиханды өткізу қорытындысы бағалар ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін түрде ресімделеді және нәтижесін жариялау үшін университеттің қабылдау комиссиясының жаупты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысип отырган барлық мүшелері қол қояды

5.6. Шыгармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

5.7. Емтихандарды өткізу кезеңінде шыгармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол тақ саннын тұрады, оның төрағасын қосқанда.

5.8. Апелляцияға өтініш шыгармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі Шәкәрім атындағы университеттің апелляциялық комиссиясы төрағасының

атына беріледі, шыгармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір жыл ішінде қарайды.

5.9. Егер отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, апелляциялық комиссияның шешімі заңды деп саналады. Шыгармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім Комиссияның қатысып отырған мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тен болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

5.10. Шекерім атындағы Университет меншік нысанына қарамастан бес күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға шыгармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті еркін нысанда, сондай-ақ шыгармашылық емтиханның қорытындылары туралы бүйректардың көшірмелерін ұсынады.